



алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік деп тану туралы";

мынадай мазмұндағы 36-2 тараумен және 317-6, 317-7, 317-8-баптармен толықтырылсын:

"36-2-тарау. Басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік деп тану туралы мәлімдеме бойынша іс жүргізу

#### **317-6-бап. Мәлімдеме беру**

Басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік деп тану туралы мәлімдемені Астана қаласының сотына прокуратура органдары береді.

#### **317-7-бап. Мәлімдеменің мазмұны**

Мәлімдемеде шетелдік немесе халықаралық ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында оның жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экстремистік әрекет деп танылуы мүмкін болатын жағдайда қандай да бір мемлекеттің аумағында әрекетті жүзеге асыру фактісін растайтын мән-жайлар жазылуға тиіс.

Шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік деп тану туралы прокуратура органдарының мәлімдемесінде қамтылған дәлелдемелер шет мемлекеттердің құзыретті органдарынан алынған нақты деректерді де, соның ішінде халықаралық соттардың және шет мемлекеттер соттарының шешімдерін де қамтуы мүмкін.

#### **317-8-бап. Мәлімдеме бойынша соттың шешімі**

Соттың шешімі басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйым туралы мәліметтерді құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органның арнайы есепке алу жүйесіне қосу үшін негіз болады.

Прокуратура органдары басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық-ұйымды экстремистік деп тану туралы істі қарауға байланысты сот шығындарын төлеуден босатылады."

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат):

36-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдар мен өкілдіктер) заңды тұлға ретінде қоғамдық

бірлестіктер саласындағы заңдарды бұзғандары үшін жауапкершілік көтереді.";

344-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде нақ сол іс-әрекеттерді қайталап жасауы, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иесіне - бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлігін немесе теледидар және дыбыстық (радиохабарлар) бағдарламаларын тарату бойынша қызмет көрсету лицензиясын алып қоя отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға заңды тұлғаның қызметіне тыйым салуға ә к е п с о ғ а д ы . " ;

374-бап мынадай редакцияда жазылсын:

### " 374-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу

1. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында белгіленген мақсаттар мен міндеттерінің шегінен шығып кеткен іс-әрекеттерді жасауы, - қоғамдық бірлестіктің басшыларына ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктердің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестікке айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарын бұзатын іс - ә р е к е т т е р ж а с а у ы , - қоғамдық бірлестіктің басшыларына айлық есептік көрсеткіштің бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестік қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде нақ сол іс-әрекеттерді қайталап жасау, - қоғамдық бірлестіктің басшыларына айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктердің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестік қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға әкеп соғады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде нақ сол іс-әрекеттерді қайталап жасау, сол сияқты осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жазаны қолдануға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау

қоғамдық бірлестіктің басшыларына айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзге дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктердің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің қызметіне тыйым салуға әкеп соғады."

3. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат) :

4-бап мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Мақсаттары мен іс-әрекеттері діни алауыздықты қоздыруға, сондай-ақ адамның жеке басын бұзуға, оның денсаулығы мен өміріне қауіп төндіруге бағытталған діни бірлестікті құруға және оның қызметіне тыйым салынады.

Діни экстремизмді насихаттауға, сондай-ақ саяси мақсаттарда конфессияаралық айырмашылықтарды пайдалануға бағытталған іс-әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

"

4. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

5-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Іс-әрекеттері экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдарды құруға тыйым салынады.";

23-баптың үшінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының бұзылуын жоймаған жағдайда, не оларды қайта бұзған жағдайда прокуратура, ішкі істер органдары, сондай-ақ азаматтар оны тарату туралы сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы."

5. "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 153-құжат):

13-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) саяси партия басшыларының экстремистік әрекетті жүзеге асыруға бағытталған жария шақыруы мен сөйлеген сөздері орын алған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін

"

6. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 176-құжат):

12-баптың 3-тармағы 10) тармақшадағы "тексерулерді" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) экстремистік әрекеттерді жасағаны үшін жауапқа тартылған адамдарды және сот экстремистік деп таныған ұйымдарды есепке алуды."

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК